

Әдістемелік кенес

ХАТТАМА

№1

30.09.2023 ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова

Әдіскер: А.У.Ажибайова

Педагогтар

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік отырысының хатшысын сайлау.
2. «Кітап бұрышы» (кенес)
3. «Өзін өзі бағалай білуге қалай қалай тәрбиелейміз» (кенес) педагог-психолог
4. «Баланың балабақшаға келуі»кенес. Педагог-психолог
5. «Жаңа оқу жылын жағымды бастайық» (психологиялық ойын).
6. Ата-аналар бұрышының безендірілуі, «Жолдағы қауіпсіздік» бұрышының ұйымдастырылуы. Заттық дамытушы орталықтардың толықтыру, балаларға топта жақсы жағдай жасау (бакылау қорытындысы)
7. Қыркүйек айының айлық жоспарының орындалуы
8. Қазан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту

I.Менгеруші М.А.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұраптарымен таныстыруды.

I.ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша М.А.Давидбекова сөз алып 2023-2024 оқу жылына А.Ажибайованы хатшы болуын ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Әдістемелік отырысының хатшысы А.Ажибайова болып тағайындалынсын.
- Мерзімі: 2023-2024 оқу жылы.

II.ТЫНДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.Мустафаева «Кітап бұрышы» тақырыбында кенес беріп өз іс тәжірибесімен бөлісті. Әр жас ерекшеліктеріне тоқталып топтарда қандай материалдар болу керектігін айттып өтті. Жинақтау барысындағы өз тәжірибесімен бөлісті. Ата-аналардың таргуды ұсынды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

М.Ермахан сөз алып осы мәселе бойынша жабдықтау барысында түрлі тақырыптағы балаларға арналған оқулықтармен жинақтау болатындығы туралы айттып өтті. Балабақша әдіскері жылдық жоспар бойынша «Ең үздік кітап бұрышы» өтендігі туралы ескертіп өтті.

ШЕШІМІ: кітап бұрышына арнайы орын қарастырылып керекті оқулықтармен толықтырылсын.

Мерзімі: жыл бойы

ЖАУАПТЫ: топ тәрбиешілері

III.ТЫНДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай педагог-психологы сөз алып «Өзін өзі бағалай білуге қалай қалай тәрбиелейміз» тақырыбында кенес берді. Кенес беру барысында практикалық жұмыс жүргізді.

ШЕШІМІ: алған кенес ескеріліп жұмыс жүргізілсін

ЖАУАПТЫ: топ тәрбиешілері

МЕРЗІМІ: жыл бойы

IV. ТЫНДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша бөбекжайдың педагог-психологы М.Ералиева сөз алып «Баланың балабақшага келуі» тақырыбында кеңес берді. Баланың бейімделу кезеңі үшкे бөлінетіндігі туралы айтып өтті. Эр кезенге тоқталып тусіндірме жұмысын жүргізді.

ШЕШІМІ:

Баланың балабақшага тез және жеңіл бейімделуіне жағдай жасалсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: топ тәрбиешілері

V. ТЫНДАЛДЫ

Бесінші мәселе бойынша бөбекжайдың педагог-психологы «Жаңа оқу жылын жағымды бастайық» тақырыбында психологиялық ойын өткізді. Ойын ұжымда жағымды ахуал орнату мақсатымен өткізілді. Ойын барысында педагогтер өз ойларын еркін білдіруге, топтық шешім қабылдауга, қарым-қатынасқа түсу жағдайы артты.

VI. ТЫНДАЛДЫ

Алтыншы мәселе бойынша сөзді бөбекжай әдіскері алып ата-аналар бұрышының безендірілуі, «Жолдагы қауіпсіздік» бұрышының үйімдастырылуына тоқталды. Заттық дамытуши орталықтардың толықтыру, балаларға топта жақсы жағдай жасау бойынша бақылау жүргізілгендігі туралы айтып өтіп қорытындысымен таныстырды. Тәрбиешілерге ұсыныстар берілді

ШЕШІМІ:

Берілген ұсыныстар ескеріліп жұмыс жүргізілсін.

ЖАУАПТЫ: топ тәрбиешілері

Мерзімі: 27.10.2023 ж

VII. ТЫНДАЛДЫ

Жетінші мәселе бойынша сөзді әдіскер сөз алып қыркүйек айының айлық жоспарының орындалуына талдау жасады. Қыркүйек айында жоспарланған бақылау талдау жұмысына арнайы тоқталып өтіп қорытындысымен тәрбиешілер танысып өтті. Барлық тәрбиешілері қорытындысымен танысып өтті.

ШЕШІМІ:

Қыркүйек айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

VIII. ТЫНДАЛДЫ:

8- мәселе бойынша балабақша менгерушісі М.А.Давидбекова сөз алып қазан айының айлық жоспарымен таныстырып бекітті.

ШЕШІМІ:

Қазан айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.У.Ажибайоваға жүктелсін
Жауапты: әдіскер А.У.Ажибайова.

Кеңес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайова

Әдістемелік кенес

ХАТТАМА №2

27.10.2023ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова

Әдіскер: А.У.Ажибайова

Педагогтар

Күн тәртібі

1. Откен әдістемелік отырысының шешімінің орындалуы.

Бөбекжай менгерушісі: М.Давидбекова

2. «Ас мәзірі» (үстелге ыдыстарды қойып, тамаққа дайындау). (кенес)

Тәрбиеші: Ә.Ыбраева

3. «Бала агрессияга бейім болса» (кенес)

Педагог-психолог М.Ералиева

4. Ертеңгілік гимнастика жаттығудың тиімділігі (бақылау қорытындысы)

5. Қазан айының айлық жоспарының орындалуы

6. Қараша айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту

I.Менгеруші М.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

I.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша А.Ажибайова сөз алғып откен әдістемелік отырысының шешімін орындалуы туралы есеп берді.

ШЕШІМІ:

№1 әдістемелік отырысының шешімі орындалды деп есептелсін

II.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша Ә.Ыбраева «Ас мәзірі» тақырыбында кенес беріп өз іс тәжірибесімен бөлісті. Дидактикалық ойындар арқылы балаларды еңбекке тәрбиелеу, еңбек тәрбиесі қашанда ең маңызды қоғамдық міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан жас жеткіншектердің жан-жақты өсіп дамуы үшін бірден-бір қажетті нәрсе –еңбек екендігі айқын. Ойын арқылы балаға үстел үстін дайындауды үрету керектігіне тоқталып өтті. Топтарда осы салада жұмыс істеу керектігін айтып дастарханды әзірлеу барысында баланы еңбекке тәрбиелеу жүргізілетіндігі туралы айтып өтті.

ШЕШІМІ: берілген кенес ескеріліп жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: топ тәрбиешілері

III.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай педагог-психологы М.Ералиева сөз алғып «Бала агрессияга бейім болса» тақырыбында тәрбиешілерге кенес берді.

ШЕШІМІ: берілген кенес ескеріліп жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: топ тәрбиешілері

IV.ТЫНДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша сөзді бөбекжай әдіскері сез алып «Ертеңгілік гимнастика жаттығудың тиімділігі» такырыбында тексеру жұмысы жүргізілгені туралы айтып өтті.

ШЕШІМІ:

Берілген ұсыныстар ескеріліп жұмыс жүргізілсін.

ЖАУАПТЫ: топ тәрбиешілері

Мерзімі: 31.10.23ж

V.ТЫНДАЛДЫ

әдіскер сез алып қазан айының айлық жоспарының орындалуына талдау жасады. Қазан айында жоспарланған бақылау талдау жұмысына арнайы тоқталып өтіп корытындысымен тәрбиешілер танысып өтті.

ШЕШІМІ:

Қазан айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

VI.ТЫНДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі А.Ажибайова сез алып қараша айының айлық жоспарымен таныстырып бекітті.

ШЕШІМІ:

Қараша айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскерге жүктелсін.

МЕРЗІМІ: 31.10.2023ж.

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайова

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

ХАТТАМА

№3

30.11.2023 ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова

Әдіскер: А.У.Ажибайова

Педагогтар

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі тәрбиегі қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау.
2. Балалар өміріндегі сюжетті-рөлді ойындардың орны (кенес)
3. Тәрбиеші жолда жүру ережесін үйрету барысында нені білу керек. (кенес)
4. «Еңбекте қауіпсіздікті сақтау техникасы. Еңбекті қорғау туралы» (нұсқау).
Баобекжайдың материалдық базасын сақтау туралы.
5. Қараша айының айлық жоспарының орындалуы.
6. Желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.

I.Менгеруші М.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

I.ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша А.Ажибайова сөз алып 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттын тағы бір рет шолып өтуіне шқырды. Эр тармағын талқылап өтіп арнайы топтарда міндетті түрде болу керек материалдарына тоқталды. Тәрбиешілер топтағы бар материалдарымен салыстырп өтті. Әдістемелік нұсқау хатында тәрбиешілердің білімін жетілдіру туралы жазылғаны талқыланды.

ШЕШІМІ:

2. Ортаңғы және ересектер тобынын орталықтары керекті материалдарымен толықтырылсын.
3. Тәрбиешілердің білімін жетілдіру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп материалдары уақытылы толықтырылып отырылсын.
Мерзім: жыл бойы
Жауапты: топ тәрбиешілері

II.ТЫНДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша бебекжай педагог-психологы М.Ералиева сөз алып «Балалар өміріндегі сюжетті-рөлді ойындардың орны» тақырыбында тәрбиешілерге кенес берді. Материалдары қосымша беріліп отыр.

ШЕШІМІ:

Ойын орталықтарындағы материалдарды жаңарту, толықтыру жұмыстарын жүргізу
Мерзім: 30.12.23ж

Жауапты: топ тәрбиешілері

III.ТЫНДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша Ж.Сариева сөз алып «Тәрбиеші жолда жүру ережесін үйрету барысында нені білу керек» тақырыбында кенес берді. Эр жас ерекшелігіне тоқталып жұмыс мазмұнына және орталықтағы материалдары туралы айтып өтті.

Тәрбиешілер осы салада жұмыс жүргізу барысында нені ескеру қажет екенін айтып өтіп өз тәжірибесімен бөлісті. (*Материалдары қосымша беріліп отыр*).

ШЕШІМІ: жылдық міндеттемені орындау барысында берілген кеңес ескеріліп жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: 30.05.24 ж

Жауапты: тәрбиешілер

IV. ТЫНДАЛДЫ

Төртінші мәселе бойынша сөзді А.Ажибайова алғы «Еңбекте қауіпсіздікті сактау техникасы. Еңбекті қорғау туралы» нұсқау беріп өтті. Бебекжайдың материалдық базасын сактау туралы әңгіме жүргізе отырып әр топ тәрбиешілері топ ішіндегі жиһаздармен ойыншықтың сақталуына жауапты екенін атап өтті.

ШЕШІМІ: Жұмыс жүргізу барысында қауіпсіздікті сактау техника ескерілсін

V. ТЫНДАЛДЫ

Бесінші мәселе бойынша әдіскер мен педагог-психолог қараша айының айлық жоспарының орындалуына талдау жасады. Қараша айында жоспарланған бақылау талдау жұмысына арнайы тоқталып өтіп қорытындысымен тәрбиешілер танысып өтті. Материалы қосымша берілді.

Өткізілген «Алтын күз» ертеңгіліктерге әкімшілік тарапынан салыстырмалы бақылау жасалды. Барлық тәрбиешілері қорытындысымен танысып өтті.

ШЕШІМІ:

Қараша айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

VI. ТЫНДАЛДЫ:

Алтыншы бойынша менгеруші М.Давидбекова сөз алғы желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстырып бекітті.

ШЕШІМІ:

Желтоқсан айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскерге жүктелсін

МЕРЗІМІ: 30.11.23

Кеңес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайева

Әдістемелік кеңес

ХАТТАМА

№4

30. 12.2023 ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова
Әдіскер: А.У.Ажибайова
Педагогтар

Күн тәртібі

1. «Қобалжулықтан арылу» тренинг. Педагог-психологи М.Ералиева.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету» кеңес М.Ерман
3. «Нұктелі массаж сұық тиіп аурудың алдын алады» кеңес , бақылау қорытындысы «Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы» медбике.
4. Қараша айының айлық жоспарының орындалуы. А.Ажибайова
5. Желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. А.Ажибайова

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Менгеруші М.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұрақтарымен таныстыруды.

II. ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша балабақша педагог-психологі М.Ералиева педагогтармен «Қобалжулықтан арылу» тақырыбында тренинг өткізді.

III. ТЫҢДАЛДЫ.

Екінші сұрақ бойынша балабақша тәрбиешісі М.Ерман «Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында кеңес берді. Бала үшін көше оған тартымды болып көрінетін, қызыққа толы құбылыстары бар (көліктер, зәулім ғимараттар, қозғалыстағы жаяу жүргіншілер және тағы басқа қызықты оқиғаларға толы заттар) ең жарқын әлем болып табылады. Ал осы жерде оны тосыннан қауіп күтіп тұруы мүмкін екендігін айтты. Қараусыздық себебінен көтеп кездесетін жол – көлік оқиғалары осыған дәлел. Жоғарыда айтылғандай, балаға көшедегінің бәрі қызық, олар қауіпті сезінбегендіктен, көлік жүретін жолда кенеттен пайда болғанын немесе қозғалыстағы көліктен жақын қашықтықта тосыннан тұруының қауіпті екенін түсінбеуі мүмкін. Осыған орай, балалар ата-аналарының қолынан сытылып шығып, жолды кесіп өту немесе ересектердің баланың қолынан ұстамай, тоғысқан жол тораптарынан өз еркімен өтуге мүмкіндік беретін жағдайлар да көтеп кездеседі. Осындай жол-көлік апатының бірден-бір себебі, балалардың жолда жүру ережелерін білмеуі, автобусқа немесе маршрутты таксилерге отыру ережелерінен бейхабар болуы.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

Балалармен көшеде жүру қауіпсіздігі ережелеріне ойын, саяхат сабактар арқылы жүргізуі жалғастыру және жол қауіпсіздігі тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған кеңестерді ұсыну;

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: жоспарға сәйкес

Үшінші сұрақ бойынша балабақша мед.бике сөйледі. «Нүктелі массаж сұyk тиіп аурудың алдын алады» тақырыбында кенес берді және жоспар бойынша «Шынықтыру шараларының үйымдастырылуы» тақырыбында бақылау жүргізілгені туралы айтып қорытындысымен таныстырп өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТИ: тәрбиешілер өз жұмысында нүктелі массажды қолданылуды жалғастырсын

Мерзімі: жыл бойы

IV. ТЫҢДАЛДЫ.

Сөйледі. 4-сұрақ бойынша А.Ажибайова қараша айында жоспарланған іс-шаралардың орындалуына шолу жасады. Материалы қосымша беріліп отыр.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

Желтоқсан айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

V. ТЫҢДАЛДЫ.

5-сұрақ бойынша А.Ажибайова желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстырып бекітті.

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

Желтоқсан айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.Ажибайовага жүктелсін.

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайева

Әдістемелік отырысы

ХАТТАМА

№5

26.01.2024 ж

Қатыскандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова
Әдіскер: А.У.Ажибайова
Педагогтар

Күн тәртібі:

1. «Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні» тақырыбында кеңес тәрбиеші Ж.Сапар
2. «Сіздің бойыңдағы агрессия» тест Педагог-психолог М.Ералиева .
3. Қантар айының айлық жоспарының орындалуы. А.Ажибайова
4. Ақпан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. А.Ажибайова

I.Менгеруші М.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұраптарымен таныстыруды.

I. ТЫНДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша тәрбиеші Ж.Сапар сөз алып «Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні» тақырыбында кеңес берді. Макал-мәтелдер бір ғасырдың ,ғана жемісі емес. Макал-мәтел-халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы тоқталып өтті. Адамгершілік дүниесіндегі үрпактан - үрпакқа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, макал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұнғыш рет нәр алады. Макал - мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген макал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, камқорлық сезімдерін туғызу керектігін айтты.

ШЕШІМІ: Топ тәрбиешілері «Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні» тақырыбында кеңесте алған білімдерін уақытылы, талапқа сай әртүрлі әдіс-тәсілдерді колдану арқылы өз іс-тәжірибесінде қолдансын.

МЕРЗІМІ: жыл бойы

Жаупаты: тәрбиешілер.

II. ТЫНДАЛДЫ:

2-сұрақ бойынша «Сіздің бойыңдағы агрессия» тақырыбында педагог-психолог М.Ералиева тест өткізіп қорытындысымен таныстырыды. Әнгіме барысында тест қорытындысы бойынша тәрбиешілер өз ойларын айтып өтті.

Материалдары косымша беріліп отыр.

III. ТЫНДАЛДЫ: 3-сұрақ бойынша әдіскер А.Ажибайова қантар айының айлық жоспарының орындалуына талдау жасады.

ШЕШІМІ:

қантар айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

IV. ТЫНДАЛДЫ:

4-сұрақ бойынша А.Ажибайова сөз алып ақпан айының айлық жоспарымен таныстырып өтті. Жауптылар белгіленді.

ШЕШІМІ:

Ақпан айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.Ажибайоваға жүктелсін.

Жауапты: А.Ажибайова

V.ТЫНДАЛДЫ:

5-сұрақ бойынша әдіскер А.Ажибайова сөз алып ақпан айында өтетін ашық үйымдастырылған іс әрекетінің кестесін белгілеу керектігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: ашық үйымдастырылған іс әрекетінің кестесі бекітіліп уақытылы өткізілсін.

Мерзімі: 29.02.2024дейін

Жауапты: А.Ажибайова

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайова

Әдістемелік отырысы

ХАТТАМА №6

23.02.2024 ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова

Әдіскер: А.У.Ажибайова

Педагогтар

Күн тәртібі

- 1.«Балабақшадағы театр ойындары» кеңес. Педагог-психолог М.Ералиева
2. Бақылау қорытындысы.
3. Ақпан айының айлық жоспарының орындалуына талдау.
- 4.Наурыз айында өтетін мерекелердің кестесін талқылау, бекіту
- 5.Наурыз айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.

Әдіскер А.Ажибайова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде каралатын сұрақтарымен таныстыруды.

I. ТЫНДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша балабақша педагог-психологы М.Ералиева сөз алып «Балабақшадағы театр ойындары» тақырыбында кеңес берді. Кеңес слайд түрінде беріліп балалардың тілін дамытуда театр ойындарын қолдану түрлерімен таныстырып өтті. Күн тәртібінде қалай қолдануға болатындығын таныстырып өтті.
Материалы қосымша беріліп отыр.

ШЕШІМІ:

топтарда театр ойындары күн тәртібінде қолдануды жалғастыру

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: жыл бойы.

II. ТЫНДАЛДЫ.

Екінші сұрақ бойынша әдіскері А.Ажибайова сөз алып ақпан айының айлық жоспары бойынша бақылау өткізілгені туралы айтЫП өтті. Бақылау ортаңғы және ересектер топтарда жүргізілді. Бақылау қорытындысымен таныстырып өтті.
Материалы қосымша беріліп отыр

ШЕШІМІ:

1. Берілген ұсыныстарды ескере отырып жұмыс жүргізілсін

ЖАУАПТЫ: А.Ажибайова

МЕРЗІМІ жыл бойы

III. ТЫНДАЛДЫ

Сөйлемді. 3-сұрақ бойынша А.Ажибайова ақпан айында жоспарланған іс-шаралардың орындалуына шолу жасады.

ШЕШІМІ: ақпан айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін

IV. ТЫНДАЛДЫ

4-сұрақ бойынша әдіскер А.Ажибайова сөз алып наурыз айында өтетін мерекелердің өткізу кестесін күргуга шакырды. Барлық педагогтар өз ойларын ортаға салып өткізу мерзімін белгіледі. 8-наурыз мерекесі барлық топтар белгіленген өз уақытында өткіzetіндігіне бір ауыздан дауыс берді. 22- наурыз мерекесін екі топқа

бөлініп беру керектігіне барлық педагогтар бір ауыздан келісті. Өткізілу кестесі белгіленіп, бекітуге берілді.

ШЕШІМІ: наурыз айында өтетін мерекелердің өткізілу кестесі бекітілсін

Жауапты: А.Ажибайова

Мерзімі: 28.02.2024

V. ТЫНДАЛДЫ.

Сөйледі. 5-сұрақ бойынша А.Ажибайова наурыз айының айлық жоспарымен таныстырып, жауаптыларын белгілеп өтті.

ШЕШІМІ:

Наурыз айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.Ажибайова жүктелсін

МЕРЗІМІ: 28.02.2024 ж

Жауапты:әдіскер А.Ажибайова

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайева

Қатысқандар:

- Менгеруші: М.А.Давидбекова
- Әдіскер: А.У.Ажибайова
- Педагогтар

Күн тәртібі:

- «Зерттеу іс-әрекеті арқылы балалардың танымдық құзыреттілігін дамыту» М.Ермакан
- «Алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және құтқару» медбике
- «Баланы мектепке психологиялық түрғыда дайындау» М.Ералиева
- Бақылау қорытындысымен таныстыру. А.Ажибайова
- Наурыз айының айлық жоспарының орындалуы.
- Сәуір айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.

I. Менгеруші М.Давидбекова әдістемелік отырыстың күн тәртібінде каралатын сұрақтарымен таныстырыды.

I. ТЫНДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша сөзді тәрбиеші М.Ермакан сөз алып «Зерттеу іс-әрекеті арқылы балалардың танымдық құзыреттілігін дамыту» тақырыбында кенес берді. Зерттеу жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Жұмыс мазмұнына токтала келіп әр топата жүргізілетін жұмыс мазмұнын ашып көрсетті.

ШЕШІМІ: Зерттеу жұмысы мақсаты мен міндетіне сәйкес жүргізілсін

МЕРЗІМІ: жыл бойы

Жауапты: тәрбиешілер.

II. ТЫНДАЛДЫ:

2-сұрақ бойынша «Алғашқы дәрігерлік көмек» тақырыбында балабақша медбикесі кенес берді. Қазіргі таңда дүние жүзінде түрлі қауіпті жағдайлар жағдайдың үдегені байқалуда дей отырып түрлі қауіп көтерден сактану жолдарына тоқталды. Жаракат алу кезінді бірінші көмекті қалай көрсету керектігін атап өтіп практикалық кенес берді.

ШЕШІМІ: күн тәртібінде жұмыс ҚАУПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІн ескере отырып жүргізілсін

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: тәрбиешілер

III. ТЫНДАЛДЫ: 3-сұрақ бойынша педагог-психолог М.Ералиева «Баланы мектепке психологиялық түрғыда дайындау» кенес берді. Бала мектепке барғанда физикалық дамуы жағынан да денсаулығы жағынан да мықты болуы қажет. Баланың төзімділігі оның жұмыс істеу қабілетімен тығыз байланысты, себебі онсыз жұмысы жүзеге аса алмайды. Жеке тұлғалық дайындық – оқушының жаңа әлеуметтік ұстанымын қабылдау, окуға деген ынтасы, мектеп бейнесін жақсы кабылдау. Мектепте білім алушының психологиялық дайындығының қандай көрсеткіштері болу керектігін атап өтті.

ШЕШІМІ: ересектер тобының тәрбиешілері тарапынан балалардың мектепке дайындығы жөнінде ата-аналарға кеңес берілсін.

IV. ТЫНДАЛДЫ: төртінші сұрақ бойынша әдіскер А.Ажибайова сөз алып наурыз айында өткізілген бақылау жұмысының нәтижесімен таныстырып өтті. Барлық тәрбиешілерге қорытындысы бойынша ауызша кеңес беріп өтті.

Қаулы етті: ұсыныстарды ескере отырып жұмыс жүргізілсін

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: тәрбиешілер

V. ТЫНДАЛДЫ: бесінші сұрақ бойынша сөзді әдіскер жалғастырып наурыз айының айлық жоспарының орындалуы туралы есеп берді.

ШЕШІМІ:

Наурыз айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

VI. ТЫНДАЛДЫ:

Алтыншы сұрақ бойынша А.Ажибайова сөз алып сәуір айының айлық жоспарымен таныстырып бекітті.

ШЕШІМІ:

СӘУІР айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.Ажибайоваға жүктелсін.

Жауапты: әдіскер А.Ажибайова

Кеңес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.Ү.Ажибайева

Әдістемелік отырысы

ХАТТАМА

№ 8

26.04.2024 ж

Қатысқандар:

Менгеруші: М.А.Давидбекова

Әдіскер: А.У.Ажибайова

Педагогтар

Күн тәртібі:

1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні әртүрлі қасиеттерін зерттеу»
М.Ералиева

2. «Мен қандай тәрбиешімін» тест

3. Мамыр айында өткізілетін іс-шаралар кестесін бекіту

4. Бақылау қорытындысымен таныстыру

5. Сәуір айының айлық жоспарының орындалуы.

6. Мамыр айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.

I ТЫНДАЛДЫ

Бірінші сұрақ бойынша сөзді балабақша педагог-психолог алғы М.Ералиева

«Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні әртүрлі қасиеттерін зерттеу» тақырыбында тәрбиешілерге кеңес берді. Мектепке дейінгі шакта зейіннің, естің, қиялдың дамуында көптеген ұқсастықтар бар. Егер сәбилік шактың өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері ретінде анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі шакта мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделене және жетіле түсуі, ал зейін, ес, қиял ұзак уақыт жеке сипат ала алмайды. Балалар сурет көргенде әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрактылығы арта түседі. Бірақ мектепке дейінгі шакта зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгере білуінде. Баланың зейініне басшылық жасай отырып, үлкендер кейін солардың көмегімен ол өз зейінін өзі басқара алуға болатынын оған қажетті жолдарын үйретеді. Сонында бірнеше жаттығу түрлерімен таныстырып өтті.

ШЕШІМІ: балалардың зейінің арттыру мақсатымен жаттығулар қолданылсын
Мерзімі: 25.05.2024ж

Жауапты: Педагог-психолог М.Ералиева

II ТЫНДАЛДЫ

Екінші сұрақ бойынша сөзді педагог- психологияшып балабақша тәрбиешілеріне тест жүргізіп қорытындысымен таныстырып өтті.

III ТЫНДАЛДЫ

Үшінші сұрақ бойынша сөзді балабақша әдіскері алғы мамыр айында өткізілетін ертеңгіліктер кестесін құруға шақырды. Тәрбиешілер және музыка жетекшілер

ШЕШІМІ: мамыр айында өткізілетін мерекелік ертеңгіліктер кестесі бекітілсін
Мерзімі: 29.04.2024

Жауапты: әдіскер А.Ажибайрова

IV ТЫНДАЛДЫ

ТӨРТІНШІ СҰРАҚ БОЙЫНША СӨЗДІ БАЛАБАҚША ӘДІСКЕРІ АЛЫП СӘУІР АЙЫНДА ЖОСПАР БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН ТАНЫСТАРЫП ӨТІП БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШЛЕРИНЕ ҰСЫНЫСТАР БЕРДІ.

ШЕШІМІ: балалармен жұмыс ұсыныстарды ескер отырып жүргізілсін

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: жыл сонына дейін

V ТЫНДАЛДЫ: бесінші сұрақ бойынша балабакша әдіскері сез алыш сәуір айы жоспарының орындалуы туралы есеп берді.

ШЕШІМІ::

Сәуір айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

VI. ТЫНДАЛДЫ:

Алтыншы сұрақ бойынша А.Ажибайова сез алыш мамыр айының айлық жоспарымен таныстырып өтті. Жауаптылар белгіленді.

ШЕШІМІ:

Мамыр айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер А.Ажибайова жүктелсін

Мерзімі: 29.04.2024

Жауапты: А.Ажибайова

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайова

Әдістемелік отырысы

ХАТТАМА

№ 9

26.05.2024 ж

Қатысқандар:

- Менгеруші: М.А.Давидбекова
- Әдіскер: А.У.Ажибайова
- Педагогтар

Күн тәртібі:

1. «Кім тез», «Біз ұқсаймыз» тренинг
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындары»
3. Бақылау қорытындысымен таныстыру
4. Мамыр айының айлық жоспарының орындалуы.
5. Балабақша түлектерінің білім деңгейлері жайлы мінездемемен танысу
6. «Жас маманның жетістігі» көрме

I ТЫНДАЛДЫ

Бірінші сұрақ бойынша сөзді балабақша педагог-психологі М.Ералиева алып тәрбиешілерге тренинг өткізді. Тренинг барысында тәрбиешілер өз үйымшылдықтарымен шығармашылықтарын көрсете білді және ашулықтын алдын алу мақсатымен жүргізілген тренинг түрі тәрбиешілердің бір бірмен ұқастығы мен айырмашылығын көрсете білді.

II ТЫНДАЛДЫ: екінші сұрақ бойынша сөзді балабақша тәрбиешісі Д.Мустафаева алып тәрбиешілерге «Мектеп жасына дейінгі балалардың дидактикалық ойындары» тақырыбында кеңес берді. Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Дидактикалық ойын – оның аты айтып түрғандай, баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Дидактикалық ойын – балалар үшін оку да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Қорытындылай келе дидактикалық ойындардың мақсаты мен міндеттерін атап өтті.

ШЕШІМІ: барлық топтарда дидактикалық ойын топтамасы толықтырылсын

Мерзімі: жыл сонына дейін

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

III ТЫНДАЛДЫ.

А.Ажибайова мамыр айының айлық жоспарына сәйкес жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды. Тәрбиешілерге ұсыныстар беріп өтті.

ШЕШІМІ: ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА БЕРІЛГЕН ҰСЫНЫСТАР ЕСКЕРІЛСИН

ЖАУАПТЫ: ТӘРБИЕШІЛЕР

МЕРЗІМІ: ЖЫЛ СОНЫНА ДЕЙІН

IV ТЫНДАЛДЫ

ТӨРТІНШІ сұрақ бойынша А.Ажибайова мамыр айында жоспарланған іс-шаралардың орындалуына шолу жасады.

ШЕШІМІ:

Мамыр айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін.

V ТЫНДАЛДЫ

Бесінші сұрақ бойынша М.Ералиева сөз алып балабақша түлектерінің мінездемесімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз пікірлерімен бөлісіп мінездемелер толықтырылды.

ШЕШІМІ:

Мінездемелер толықтырылып балабақша түлектерінің ата-анасына тапсырылсын Жауапты: М.Ералиева

Мерзімі: 30.05.2024 не дейін

«Жас маманның жетістігі» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге жас маманның жыл бойы жинақтаған дидактикалық материалдар, көркекіліктер, жаңа технологияларды пайдалану барысында қолданған материалдар орын алды.

Кенес төрайымы:

М.А.Давидбекова

Хатшы:

А.У.Ажибайова